

№2 Педагогикалық кеңес отырысының хаттамасы

Өткізілген орны: ЖШС «Алтын Самұрық» бөбекжай-балабақшасы

Өткізілген күні: 26.10.2023ж

Қатысқандар: 8

Қатыспағандар: жоқ

Төрайымы: Мырсейтова Э.С.

Хатшы: Жүрсін Н.Б.

Күн тәртібі:

1. «Табиғи материалдарды пайдалану арқылы заттық-дамытушы ортаны жабдықтау»

Баяндама: Сыздық Ш.

2. «Ата-аналармен серіктесе жұмыс жасаудың аспектілері»

Баяндама: Аманкелді К.

3. Көрме: «Балабақшадағы денсаулық сақтау технологиясы» (барлық топтар)

ТЫҢДАЛДЫ

1-мәселе бойынша: Сыздық Ш. табиғи материалдарды (ағаш, тас, жапырақ, құм, жаңғақ қабығы т.б.) пайдалану арқылы балалардың танымдық белсенділігін арттыратын заттық-дамытушы ортаны жабдықтаудың маңызын түсіндірді. Мұндай орта балалардың шығармашылығын, сенсорлық қабылдауын және экологиялық тәрбиесін дамытатыны айтылды.

СӨЙЛЕДІ: Тәрбиеші: Бекарыстанова А табиғи материалдарды қолдану балалардың қызығушылығын арттыратынын қолдап, топ бұрыштарын осындай материалдармен толықтыруға ұсыныс білдірді.

2-мәселе бойынша: Аманкелді К. ата-аналармен серіктестік жұмысты тиімді ұйымдастыру жолдарын атап өтті. Ата-анамен тұрақты байланыс орнату, бірлескен іс-шаралар өткізу, кеңестер мен тренингтер ұйымдастырудың маңыздылығы қарастырылды.

СӨЙЛЕДІ: б/б меңгерушісі Э.С.Мырсейтова ұжым ата-анамен жұмысты күшейту қажет екенін айтып, ашық есік күндерін жиі өткізу және цифрлық байланыс түрлерін қолдану ұсынылды.

3-мәселе бойынша: Әдіскер Н.Жүрсін «Балабақшадағы денсаулық сақтау технологиясы» тақырыбында көрме ұйымдастырылып, барлық топтар өз тәжірибелерін ұсынды. Тыныс алу жаттығулары, шынықтыру элементтері, қимыл-қозғалыс ойындары және сауықтыру шаралары көрсетілді.

ҚАУЛЫ ЕТІЛДІ:

1. Табиғи материалдарды пайдалану арқылы дамытушы ортаны жабдықтау жұмысы жалғастырылсын.
2. Ата-аналармен серіктестік жұмысты күшейту, жаңа форматтағы іс-шаралар енгізілсін.
3. Денсаулық сақтау технологиялары барлық топтарда жүйелі түрде қолданылсын.
4. Көрмеде ұсынылған тәжірибелер оқу-тәрбие процесінде пайдаланылсын.

Педагогикалық кеңестің төрайымы:



Мырсейтова Э.С .

Хатшы:

Жүрсін Н.Б.